

Мәслихаттың 2015 жылғы 27 мамырдағы № 224 "Жангелдин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2016 жылғы 15 наурыздағы № 261 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 наурызда № 6232 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 24 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 17.05.2016 № 24 шешімімен (қабылданған кезінен бастап күшіне енеді).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2015 жылғы 27 мамырдағы № 224 "Жангелдин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5683 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 шілдеде "Біздің Торғай" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген Ережедегі, 21-тармақтың 11) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жангелдин аудандық
мәслихатының кезектен
тыс сессиясының төрағасы
Жангелдин аудандық
мәслихатының хатшысы*

Т. Мырзағалиев

С. Нургазин